

## Аналитикалық жазба

Жоба авторы: Бижігіт Бексұлтан Ерболұлы  
Ғылыми жетекші: Сомжүрек Баубек Жұмашұлы

Жоба идеясы	Төтенше жағдайды алдын алуға халықаралық тәжірибе
Күрделі жағдай (кейс)	Қазақстан Республикасы азаматтық қорғау саласында бірнеше халықаралық тәжірибе бойынша бастамалар бар. Дегенмен, оларға тиісті түрде назар аударылмағандықтан бұл бастамалар өз тиімділіктерін көрсете алмауда. Бұл дегеніміз еліміздің құтқару саласына айтарлықтай кері әсерін тигізуде.
Берілген мәселені қолданыстағы шешу тәсілдері	Қолданыстағы тәсілдердің классификациясы Ерікті өрт сөндіру жасақтары бойынша. Ерікті өрт сөндіру жасақтары құжат бойынша көптеген мекемелерде құрылуда. Алайда, олардың шеберліктері мен дайындықтарын қадағалайтын норма қазіргі таңда жоқ. Артықшылықтары Ерікті өрт сөндіру жасақтарын құру арқылы халықтың өрт қауіпсіздігіне деген жауапкершілігін жоғарылатуға болады. Осы арқылы профессионал өрт сөндірушілердің санын азайтып, басқа сала немесе мүлдем жұмыссыз адамдарға қосымша табыс көзі болмақ. Алдымен, бұл шалғай орналасқан елді-мекендерді өрт қауіпсіздігімен қамтамасыз етуге таптырмас мүмкіндік. Кемшіліктері Еріктілердің дайындығына аса назар бөліп, алғашқыда шығындар айтарлықтай еселенеді. Дегенмен, болашақта бұл жүйе оң нәтиже берері анық.
Берілген мәселені шешудің ұсынылатын жолы	Баламалы тәсілді сипаттау, оны жүзеге асыру реті Ең алдымен, шалғай орналасқан елді-мекендердің халқын тарта отырып, ерікті өрт сөндіру жасағын құру қажет. Еріктілерді алғашқы арнайы дайындықтан өткізіп, олар

	<p>тағылымдамаға мамандандырылған өрт сөндіру бөлімшелеріне жолданады. Қорытынды сынақтан өткен еріктілерге арнайы рұқсатнама қағазын беріп, өрт сөндіруге жіберілетіндігін растайтын рұқсатнама беріп, өз елді-мекеніне қызмет атқаруға жолданады.</p> <p>Мүмкіндіктері</p> <p>Қала немесе ауданда орналасқан өрт мөндіру бөлімдеріне түсетін шақыртулар санын күрт азайтуға мүмкіндік. Маман өрт сөндірушілердің қызметтегі жұмыс күшін азайта отырып, өз шығу ауданын нормалық күйге жеткізу.</p> <p>Қауіптер</p> <p>Ерікті өрт сөндірушілердің дайындығына аса назар аударылмаған жағдайда, өрт сөндіру барысында олардың денсаулығына немесе өміріне қауіп төнеді. Сол мезетте дайындығы нашар ерікті өрт сөндірушілер өз өміріне мен денсаулығына зиян келтіруі мүмкін.</p>
Күтілетін нәтиже	<p>Баламалы тәсілдің тиімділігін өлшеу, оның жүзеге асырылуын бағалау әдістері</p> <p>Ерікті өрт сөндіру қызметін құру барысында, оған тиісті назар аударып, үкімет тарапынан тың қадағалау қажет етіледі. Сонымен қатар, тиісті қаржыландыру болуы қажет.</p>
Әдебиеттер	<p>1 Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің ресми сайты <a href="https://www.gov.kz/memleket/entities/emer?lang=ru">https://www.gov.kz/memleket/entities/emer?lang=ru</a></p> <p>2 Табиғи және техногендік қауіптер мен төтенше жағдайлардың қатерлері атласы. – Алматы, 2010.</p> <p>3 Азаматтық қорғау туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V ҚРЗ.</p> <p>4 Воропаев Н. П. Применение беспилотных летательных аппаратов в интересах МЧС России [Электрон. ресурс]. – URL: <a href="#">Microsoft Word - Ст. 3 Воропаев.doc (igps.ru)</a></p> <p>5 Ресей Федерациясы Төтенше жағдайлар министрлігінің ресми сайты <a href="https://www.mchs.gov.ru/">https://www.mchs.gov.ru/</a></p>